




Нұрпан
Оразапаш


Құрапайдың
сапқыны



Нұрлан
Оразатин

Құрапайдың
сапқыны

Өлеңдер мен дастан



«АТАМҰРА»
АЛМАТЫ, 1997

804-572.122-1

ББК 84 (5 Каз)

О 65

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 00039768

ОРАЗАЛИН Н.

О 65 Құралайдың салқыны. Өлеңдер мен дастан. — Алматы: Атамұра, 1997. — 312 бет.

ISBN 5-7667-4651-2

Нұрлан Оразалиннің жаңа жинағына ақынның соңғы он шақты жыл ішінде жазылып, бұрын кітап бетін көрмеген жырлары іріктелініп, ең таңдаулылары еніп отыр.

Өлеңдер жазылған жылдары мен мазмұнына, мағынасына қарай «Адамзатқа аманат», «Құралайдың салқыны» атты екі бөлімге топтастырылған. Ақын қаламы мен шабытының арқауы — адам мен ғарыштың, мәңгілік пен бақилықтың үзілмес байланыстары, өмір мен тіршіліктің күнгейлі, көлеңкелі тұстары, махаббат өлемінің тымсым сырлары, уақыт пен ұрпақтың ара қатынасы.

Сондай-ақ жинаққа «Қарақазан ғасыр» атты замана шындығын кең тыныспен жырлайтын дастан кіріп отыр.

О 4702250000—009 Без объявл.
418(05)—1997

ББК 84 (5 Каз)

ISBN 5-7667-4651-2

© «Атамұра»



Ғарыш мінезгі жырлар

Адамдардың танысуы оңай... Оған мына байланыс пен коммуникацияның мықтап дамыған ғасырында таңғалудың еш реті жоқ. Бірақ танысу оңай болғанмен, ой мен ойдың табысуы, пікір мен пікірдің тамырласуы, мақсат-мүдденің сабақтасуы, орайласуы қиын. Менің Нұрлан ініммен арадағы таныстығымның өрісі кеңейіп, мағыналы сипат алғанына, шығармашылық тұрғыда сәтті сабақтастық тапқанына қуанамын.

Осыдан төрт жыл бұрын Қазақстанның Тәуелсіздік мерекесіне қатысуға келген бетім. Қазақ туғандар қай кездегідей ашық-жарқын қарсы алып, бір кездесуден екінші бір кездесуге жетелеп, мені қолды-аяққа тұрғызбады. Қалың қар құшағында жатқан Алатау да, түнгі көшелерін сақылдаған сары шұнақ аяз қыдырған Алматы қаласы да ерекше сұлу.

— Шықа, қарсы болмасаңыз, Сізге бір қолқамыз болып тұр, — деді Әбіш Кекілбаев інім қашанғы сабырлы мінезіне басып. — Егер Сіз жөн көрсеңіз, бас газетіміз «Егемен Қазақстанда» кездесу бар еді...

— Е-е, сендер жөн көрсеңдер, мен неге қарсы болайын... — дедім.

Тоқтап осы болды.

Уәделі кезде Әбіш екеуіміз қолтықтасып, редакция босағасын аттадық. Бізді жарқын жүзді журналистер қауымы ерекше туысқандық көрсетіп қарсы алды. Кездесу бас редактордың бөлмесінде өтті. Маған редактордың өзін-өзі ұстауы, тауып сөз айтуы ұнады. Әдебиет, өмір туралы ойлары мен тұжырымдары да көңілге қонымды. «Е-е, соңымыздан білімді, білікті жастар келеді екен-ау», — деп ойладым іштей...

Ұзын сөздің — қысқасы, желтоқсанның сол бір әсері мол айшықты күндерінің ықылас-мейірімінің мол болғаны соншама, мені Алматыдағы дос-бауырларымның дәмі Еуропаға жібермей, ұшағым мерзімінен үш күн кешігіп ұшты.

Әбіш, Қуаныш, Нұрлан үшеуі мені үш күн бойы шығарып салудың әлегімен жүрді.

Сондай самолет жолын тосқан күндердің бірінде Нұрлан:

— Мүмкін, уақытыңызды өткізуге себеі тиер. Оқып көрсіз... — деп менің қолыма қазақ тілінде шығатын бір журнал әкеліп ұстатты.

Жанылмасам, аты — «Парасат»... Парақтай бастадым. Журналдың айқарма бетінде Нұрланның суреті мен үлкен топтама жырлары жарық көріпті. Оқып шықтым. Бүгінгі уақыт, заман жайлы сыр толғайтын, ойының астарында отты мұң мен сезім бар, мұңның астарында ашу бар, ашудың төркінінде ақындықтың от жалыны бар жырлар екен. Өлеңі ойың мен сезімді тез баурайды. Әсіресе, ақын жүрегін жарып шыққан:

«Түнгі дауыс...

Қандай сұсты? Урейлі...

Әлде кім кеп көшемді үнсіз күрейді.

Желтоқсанның жетегі үні талықсып,

Қашатындай бір ой қуып бір ойды...» —

деген жолдар жадымда қалып қойыпты...

Ертесі мен мінген ақ лайнер аспанға көтеріліп, Европаны бетке алды. Алатау да, Алматы да, маған қуаныш, тебіреніс сыйлаған желтоқсанның ақ қарлы, сары аязды, шуақты күндері де артта қалып бара жатты. Тілімнің ұшына Нұрланның өлгі бір жолдары қайыра-қайыра орала берді...

Міне, ақынның «Құралайдың салқыны» атты соңғы жыр жинағын оқу үстінде тағы да сондай бір өзгеше әсер құшағында отырмын. Қолжазбаның әр жаңа бетін ашқан сайын маған әлде бір таныс сезім қолын созатындай. Дүниелік құбылыстарды өзінің жүрегі мен ойы арқылы өткізетін ақынның жырларын толқымай оқу мүмкін емес.

«Мен осы өзіммін бе?

Басқамын ба?

Пендемін бе жүрген құр бас қамында?

Жанымды мазалайды қайдағы ойлар,

Жиі жасын ойнайды аспанымда.

Қара нөсер төгеді көктен құйып,

Қара аспанның көңілі кеткен бе иіп?!

Жүрегім елендейді жиі-жиі,
Найзағайлы ғарышым неткен биік?!» —

деген жұдырықтай жүрегі бар жұмыр басты пенденің қай-қайсысына да тән осынау философиялық тебіреніс пен сезім иірімдерінің өзгеше суретін салған, өлеңмен қиыстырып ой өрген жолдарға еріксіз риза боласың. Ақын қуанса шын қуанып, мұңайса шын мұңаяды. Оның бір жырдан екінші бір жырға көшіп отыратын лирикалық кейіпкерінің жан дүниесіндегі толқыныстар ауыл, аймақ, керек десеңіз, кейде ұлт пен ұлыс шекарасынан шығып, жалпы адамзаттық толғаныстар кеңістігіне көтеріледі. Ол аспанмен тілдесе де, жермен сырласса да, бір қызығы, сені досыңмен, ең жақын, ет бауыр туысыңмен сөйлестіргендей, тілдестіргендей ерекше бір халге бөлейді.

«Қараңғыға ұмтылады неге ойым?
Қамықтың деп кімді, қалай сөгейін?
Беу, көк аспан, аруақтардың мекені,
Тіл қатшы бір... Тірілерге не дейін?!»

Немесе:

«Жүрегімді жүлқиды Тәңір сөзі,
Тамырына тығылып қаламұштың...» —

деген жолдардың бойынан шынайы шабыттан туған қуатты жырға тән қайталанбас қасиеттердің жатқанын қалай ғана аңғармауға болады?.. Нұрлан үшін «қараңғы түн де», «аруақтарға мекен болған көк аспан да», «кеудесін қысқан Дәуірдің қасіретті толғағы да», бәрі-бәрі «жүрегің жүлқыған Тәңір сөзіндей» елестейді. Ақын үшін оқшау ескі обалар кешегі «хунндар мен сақтардан қалып қойған оқылмаған кітаптай» көрінеді. Жастық шағы от-жалында шарпылып, зейнеткерліктің құрығына түскен қарт адамның мына бір кескінін елестетіп көріңізші:

«Күні-түні шыжғырып көмбеге ойын,
Іздеп-іздеп шаршаған пендедейін.
Көше кезіп келеді күз адамы
Уқаланған үш сомдық теңгедейін...»

Құлаққа, ақынның өз тілімен айтқанда, «жұмақтың жайлы бір үніндей» естілетін мына ғажайып сұлу әлемнің әр бір сәті Нұрлан жырының жаратылысын ашар образды ойлаудың көркемдік құралдары секілді.

«Атқақтап тұр қатты тамырым,
Білемін ешкімге көнбесін,
Көтеріп кетердей Тәңірім,
Ғарышқа — мәңгіге пендесін.

Көтерсе, көтерсін... Несі бар?!
Бір көріп қайтайын мұнды Айды.
Адамдар жердегі есі бар,
Айдағы дауысты тыңдайды...» —

деген асқақ үнді, адам атаулының бәріне етене жақын, таныс, түсінікті ғарыш мінезді жырлар соның дәлелі.

Мұндай Жер мен Көк арасын өлең сикқырымен арбауға, жалғауға ұмтылатын табиғаттың өзіндей таза, қуанышы мен қайғысы, мұңы мен сыры, мұзы мен жалыны қатар өрілер отты жырлар бұл кітаптың басты өлшем, таразысы тәрізді.

«Сезімсіз жүрек қалай дір етпек?
Сезімді сұлу құс дейді;
Жүректің үнін естір жүрек тек,
Түсінер тілсіз ішкі ойды», —

депті бір өлеңінде ақын. Ендеше, мен де талантты ізбасар інімнің жүрегінен төгіліп туған осынау ойлы да отты Жыр Үнінің адамдар жүрегіне, санасына тезірек жеткенін қалаймын!

Жалынды, жақсы жырлардың бауы берік болсын!

Өлең — адам ойы мен сезімінің тұңғық сырларын тербейтін мәңгілік пен шексіз қозғалыстың құдіретті көзі екенін естен шығарма! Жыр-құсыңның қанаты талмасын, Нұрлан інім!

ПЫҢҒЫС АЙТМАТОВ.

Бішкек,
17-наурыз, 1997-жыл.



Жүрекжарғы

Ойым осы – өртендей алмасатын,
Сырым осы – бұлақтай жалғасатын;
сенем түбі жарайды бір кәдеге
қалып қоймай архивте шаң басатын.

Әнім осы – асқақтап айтылатын,
әуезімен аспанда Ай тұнатын;
Алатауым сәуірде қайта оянып,
құралайдың салқыны қайта ұратын.

Күйім осы – күмбірлеп тартылатын,
шанағымда қоңыр саз шарқ ұратын;
қайтқан құстың Арқадан үні естіліп,
Қаратаудың мойнына артылатын.


Мұңым осы – өртеген өзегімді,
бермеу үшін күрестім кезегімді;
біреу егер күндесе ту сыртымнан,
біреу үшін өмірім, сезем, үлгі!

Сөзім осы... Серпілсе, боздар тілім,
Атырау мен Алтайдың қозғар түнін.
Шалдықпасын... шабытым аман болса,
алға әкетер өзімді өз қарқыным.

Жырым осы – мәңгілік жазылатын.
Жырға қоспай өткен бе назын ақын?!

Өртеңімді жалғашы Ертеңіме
Өлеңімнің отымен, қазына түн!..

Ән, күйімді, сөзімнің асылдарын,
Ой, сырымды Өзіңнен жасырмадым.
Бар болмысым, оқырман, осы менің,
өрдім жырмен тулаған Ғасыр қанын!..





Агапизамка
аттаһам



Атын айтып
қазақ пенен құдайдың,
кең дапартының
атандығын
сұрайтың...

ЖЫЛҒА ТІЛЕК

360 ...

Күн өтті де, түн өтті.

Қанат берді – қиялымды түлетті.

360...

Таң сарғайып оянды,

Жыр туды асау жарып талай жүректі!

Құйын-перен жыл өтті!

Сүйдік.

Күйдік.

Кештік қайғы. Өртендік.

Намыстандық.

Қалыс қалдық. Жеркендік...

Ғалам ұлы таразылып елімді,

Төрімізге қонды келіп өр теңдік!

Теңдік үшін өртендік!

Көгімізге көкпеңбек қып ту ілдік,

Көк Түріктен қайта түлеп туылдық.

Ой да,

Қыр да,

Ой-сана да жасарды,

Бостандықтың жаңбырына жуындық.

Көкпеңбек қып ту ілдік!

Төзім, жігер – қара қайыс, кендірдей,

аңсап жеткен Азаттығым – өндірдей.

Жүрегімде – ғасырлардың ұраны

ойы – терен,

асқақтығы – сеңгірдей...

Азаттығым – өндірдей!

Тарих бізге бетін бұрды. Сеземін.

Бой көтерді «Қазақ» атты өз Елім.

Бабалардың арманы бар кеудемде,
ғасырлардың
өртеп өткен өзегін...
Келді, міне, кезегім!..

Жүрегімде — жаратқанның ізгі үні,
Жоқ демеймін тірлігімнің сыз, мұңы...
Қашан?
Кімге?..
Тиіп еді оп-онай
Бостандықтың бас бермейтін тізгіні?!
Жаратқанның ізгі-үні!

Білем...
Білем...
Еркіндіктің мол дауы.
Дау-талассыз мүмкін емес болмауы.
Өтті бір жыл. Әділет бар. Сенемін.
Жүрегімде — жылдың жаңа толғауы.
Мүмкін емес болмауы!

Асу...
Мұнар...
Көрінеді алдан шың.
Азаттығым болмасын тек алдамшы үн.
Ей, Бауырым, нәрестедей аяла!
Елдік қалпым Ертеңіме жалғансын!
Азаттығым болмасын тек алдамшы үн.
Жалғансын де! Жалғансын!..

қаңтар, 1993-жыл

ҚЫЗУҚАНДЫЛЫҚ

(Ақын тойындағы сөз)

Жаратылыс әділ мына, жарығым,
ақын үшін ұят—қайғы, ары—мұң;
жер үстінің азабына өртенер,
табиғаты, мінезі ұқсас бәрінің.

Қарап тұрсақ, арғы-бергі күн кешкен
ақындардың бәрі біздей мұң кешкен,
ғашық болса, өліп-өшіп аялап,
аярлармен жыр тілінде «тілдескен»...

Сәл нәрсеге жарылардай шақ қалып,
сәл нәрседен қалатұғын шаттанып,
бір әке мен бір анадан жаралған
ақын деген адал халық — ақ халық.

Жолын кессен, жасырмайтын «жаулығын»,
Ақын деген жанартау ғой... Тау, күнім,
тұмар етіп жүрегінде ұстайтын
тек халқының амандығын, саулығын.

Аузы барып кім айтады сөз бөтен,
Ақынына табар ма жұрт өзге тең?!
Анасы — аспан, әкесі — жер адамға
өліп-өшіп өлең жазу сөз бе екен?!

Өлең — оның болмысы ғой ғажайып,
(отты жырға тағылды ма аз айып?!)
Қудалауға түскенімен... Қатары
көрген емес ақындардың азайып...

Тілін тапсаң, дос болатын мәңгілік,
көтеретін көкке сені хан қылып,

дос беделі, ел мерейі ол үшін,
біле-білсең, жазылмаған заңдылық.

Жаса!

Жаса!

Ақын атты парасат,

Жердегі ұлы Қызуқандылық!

наурыз, 1990-жыл



ОБА ТҮБІНДЕГІ ОЙ

Дала төсіндегі ескі обаларды көрген сайын есіме Геродоттың: «Сақтар ел шетіне жау тигенін обалардың басына от жағып, хабарлайтын болған» деген сөйлемдері оралады.

Ерте...

Ерте...

Елес күннен сақталған,

Жыраулардың жырларымен жатталған,

Кітап шығар оқылмаған бұл Оба,

калып қойған хундар менен сақтардан.

Он сан ғасыр

жырлай-жырлай жақ талған,

байрақ ұстап, Алтай асып, аттанған

Көк Түріктің көзі ме әлде бұл Оба,

тақымында талай тұлпар — ат талған?

Жүйріктері желдей есіп самғаған,

оңы-солын «өрттей қаулап, жалмаған»

хазарлардан қалған сөз бе бұл әлде,

ғасырларды ғасырлармен жалғаған?

Үйсіндер мен түркештердің көзі ме?

Құмандар мен қыпшақтардың өзі ме?

Ел бірлігін қорғай жүріп, қалдырған

өткендердің келер ұрпақ тезіне

абыройлы сөзі ме?

Жұмсам көзді жаңғырады күнде ойым:

Дәуірлерден талып жетер үндейін,

Моғолдардың естілердей сарыны

түгендеген теріскейі, күнгейін.

Кім сенеді!?
Нанады кім мұныма?
Уақыттың ұрпаққа артар сыны ма?
Мынау Оба – Аспараның азасы,
Ноғайлының тастап кеткен мұны ма?

Өлмеу үшін Өмір атты тасқында,
жасырынып сексеуілге, тас, құмға
жатқандайын бір халықтың өткені,
осы обаның орда тігіп астында.

Шайқаса да заманалар – шайқалмай,
өзек жарып өзі жайлы айта алмай,
жатқандайын Жібек жолын тізгіндеп,
батыр бабам бағзы күннен байқалмай.

Ереуілді кезендерде ат үсті,
көрген талай қырғын, сүргін, атысты;
жатқандайын ен Даланың қожасы,
жалғап өткен Шығысы мен Бағысты.

Жауларынан түсетұғын кіл басым,
қахарынан дірілдеген Шын, Машын;
көшпелі елдің кешегісі жатқандай
бауырына ап сөз бен ойдың тұнбасын.

Кім біледі?
Кім айтады анығын –
кешегінің ұлысы мен ғарібін?
Күйінемін... Күрсінемін... Жүректі
жатқандайын жалын сүйіп, қарып үн.

Сырласатын емен де жоқ,
жоқ қайың,
менен әлсіз, менен шерлі жоқтайын.
Қара Обаға қараймын да налимын,
ой-санамды шыжғырардай шоқ дәйім.

Қып-қызыл шоқ...
Көңілімде – жан бабам,
найза ұшында болашағын жалғаған,
қара обадан қол созардай ашулы
ұрпағына оты лаулап жанбаған.

Мезгіл жетіп, шөгерілген түйесі,
қай дәуірдің, қай заманның Иесі?
Қозын үрлеп,
кейінгіге дем беріп,
қорғап-қоршап жатқан Елді киесі,
мынау Оба қай ғасырдың Иесі?

Қай ғасырға иейін мен басымды?
Қай ғасырға төгейін мен жасымды?
Қай ғасырға алғысымды айтайын
сақтай алған жанымдағы жасынды,
бойымдағы асылды?

Қай дәуірді өлең-сөзбен өрейін?
Қай дәуірді жырмен жебеп көрейін?
Қай дәуірдің тағзым етіп алдына
өр көңілдің отын жағып берейін?

Уақыттың шекері мен балына,
Сап-сап, көңіл! Алданбағын! Налыма!
Қай Заманнан тамырымды таратып,
Қай Заманның жармасайын жалына?

Нар тәуекел! Жөнсіз неге жасимын?
Естимісін, көкірегімде тасиды үн.
Мың-мың жылдық өмірімнің үзiгi,
Беу, қара Оба!
Отымды үрле,
Алдыңа кеп бас идім.

қыркүйек, 1985-жыл



ӘКЕ РУХЫ

Өлең кетті...
Менен талай бақ тайды.
(«Жыртық үйдің құдайы бар»... Сақтайды.)
Әкем кетті, қиқар кісі енді үнсіз
ешқашан кеп есігімді қақпайды.

Келмейді енді қала кезіп бір адам
ұлын іздеп сөз бен ұйқас құраған.
Жүрмейді енді алып-ұшып бір ата
ұрпағының амандығын сұраған.

«Шықпады-ау, деп , бір жинағың көлемді»,
намыстанып, қынжылмайды ол енді.
Майдангердің зілсіз «қызып» айтатын
артық сөзін естімейді ел енді.

Соны ойласам...
Кеулеп-кезіп мұз-қайғы,
шым-шым етіп жүрек қатты сыздайды.
Қатал кездің «кесіп» айтар сарбазы
ағайынның шырқын енді бұзбайды...

Көзінде оның шуламайды бақ талып,
сөйлемейді ол топ алдында «мақтанып»,
дос-жараны сағынады, көр әлі,
ол туралы толғар сырын ақтарып.

Болмаса да оза шапқан мол дарын,
баспаса да жарыстырып томдарын,
«Әкең айтқан сөз еді», деп осы елдің
білем әлі талай-талай толғарын.

Амал қанша?
Көкейге, өттең, кеш түйдім,

төрін көріп құлазыған ескі үйдің;
отты жанар қадалып тұр суреттен.
Орны бос тұр... Тек дауысын естимін.

Естимін де... Кеуде толқып айтады өн,
Қайда күндер намыс туын шайқаған?
Өлең кетсе... Қызғыш құс қой, киелі,
шын сағынсаң, оралады қайтадан!

Киелі құс оралады... Бек сенем!
Ал әкем ше? Сондай жырды көкसेген?
Келмейді енді. Есігімді қақпайды.
Егілтіп бір, сезімімді төкші, өлең!

Егіл!
Төгіл!
Бойда жалын лауласын.
Тұрғанында жүрек аман.
Сау басым...
Нұрын төгіп әке рухы көктегі,
ырза болып аруағы бір аунасын.
Бойда жалын лауласын!

қаңтар, 1988-жыл

АТАЖҰРТ

Өзінді аңсағанда өскен елім,
Кеудемді күй тербейді кешке менің.
Жұлқиды жүрегіме тыным бермей,
тұсауын сенде кескен есті өлеңім.

Жүрмейін қай қиырда, қай қалада,
жерұйық, иран бақта, бай далада...
Бәрібір Сенің орның бөлек маған,
сен маған дастархансың жайған ана.

Өзінде шабыттандым, арқырадым,
өзіңмен еңсем биік, артық әнім,
көк мұхит көзсіз тірлік теңселткенде
сені іздеп шағаладай шарқ ұрамын.

Құлын-ой...
құлын-сезім құрақ ұшып,
көлімнің аққу-қазы жырақ ұшып,
сағынған сәттерімде сұлулықты,
жөңкіді саған қарай жылап ұшып.

Бал-қиял...
Жігіт-арман...
Бұла-қайың...
Көзімде тербеледі жылап Айым.
Аңсаған шақтарымда адалдықты,
жыр-сезім бұлқынады тұмадайын.

Шираққан кездерімде ғарышты ұрып,
қиырды қиырлармен жарыстырып,
тауымның өзеніндей атылады
көк долы кеудемдегі Намыс-бүлік.

Ашынған сәттерімде — өзіндеймін,
басылған сәттерімде — көзіндеймін.
Әлемді мынау ұлы, қысқасы мен
өзіңсіз көре алмаймын, сезінбеймін.

Өзіңе ессіз ғашық пендең едім,
жарады жеткізе алса енді өленім.
Жүрегім... Жұлын-жүйкем...
Атажұртым,
Арым да, арманым да сенде менің!

наурыз, 1992-жыл



ТУРА АЙТҚАНДЫ ТУМЫСЫ ТЕРІС ДЕМЕН...



Пендеміз ғой...
Пендеміз біз әмөнда.
(Ойнаса да бұлқынып муза қанда)
Адам жайлы айтамыз адал сөзді
тек ақырғы сапарға ұзағанда.

Тіршілікте — биікпіз, аласамыз,
болмашыға таусылып, таласамыз.
Сөйтіп жүріп сезбейміз жаз өткенін,
келіп тіпті қалғанын қараша-күз...

Құлақ түріп үлгірмей көктем-үнге,
қонақ сынды фәни мен көкте күнге,
тарқағанын базардың кеш түсініп,
байқаймыз өмірдің өткенін де.

Тіршілікте — мықтымыз. Біліктіміз.
Дарындымыз. Дәулетті. Жіліктіміз.
Мансап деген асауға шалма тастап,
ұмтыламыз қарманып құрықты біз.

Тірісінде — аз адам жұртына аңыз,
(бәріміз де болуға ұмтыламыз)
Пендеміз ғой, пендеміз...
Пенделіктің
кейде көніп кетеміз ырқына біз.

Жүректі өртеп махаббат ұя салар,
өленді өртеп қырандай қия шалар.
Пендеміз ғой...
Барамыз пенделікке
шын асылды өсекке қия салар.